

Облыстың елді мекендерін санитарлық тазарту және көркейту жөніндегі үшайлықты өткізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 05 мамырдағы N 133 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 13 маусымда N 1586 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы 27 бабы 1 тармағы 14-1) тармақшасына, "Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық қолайлығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы N361 Заңы 19 бабы 2 тармағы 1) тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылдың 30 сәуірінен 30 шілдесіне дейін облыстың елді мекендерін санитарлық тазарту және көркейту жөніндегі үшайлық өткізілсін (ілгеріде - үшайлық).

2. Қоса берілгендер бекітілсін:

үшайлық қорытындыларын шығару жөніндегі облыстық комиссияның
қ ұ р а м ы ;

үшайлықты өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары;
үшайлықтың қорытындыларын шығару ережелері.

3. Петропавл қаласы мен аудандар, ауылдық округтердің әкімдері үшайлықты өткізу жөніндегі тиісті іс-шараларды әзірлесін.

4. Ішкі саясат департаменті үшайлықтың өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында жарықтандырсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.В.Развинге жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімдігінің 2005 жылғы
5 мамырдағы N 133 қаулысымен
бекітілді

Облыстың елді мекендерін санитарлық тазарту және көркейту жөніндегі үшайлықтың қорытындысын шығару ережелері

Үшайлықтың қорытындысы аудандық және қалалық комиссиялармен әрбір елді мекен және жалпы аудан бойынша ай сайын шығарылады, қорытындысы комиссия төрағасы орынбасарының атына әрбір айдың бесінші күніне дейін түсу керек.

Облыстық комиссия ай сайын, атқарылған жұмыс туралы қалалық және аудандық комиссиялар ұсынған есепті қарайды, ішінара тексерулерді ұйымдастырады және елді мекендерді санитарлық тазарту мен көркейту жөніндегі үшайлықты өткізудің ақырғы қорытындысын ұйымдастырады.

Бағалау 5 баллдық жүйе бойынша, келесі көрсеткіштерден орта балл шығарыла отырылып жүргізіледі:

1. Аудандардың, қалалардың және ауылдық округтардың шекараларын, елді мекендерге кіру жолдарын (елді мекен немесе кіру белгісі көрсеткішінің барлығы, жанасқан аумақтардың жайластырылуы) ресімдеу.

2. Жеке үй құрылыстарының жағдайы (қасбеттер, иеліктегі үй аумағының қоршауы мен санитарлық жағдайы, ең жақсы аулаларға, үйлерге байқау өткізіле ме жоқ па)

3. Қоғамдық үйлердің, әлеуметтік сала және сауда объектілерінің, спорттық ғимараттардың: қасбеттері, қоршауы, көгалдандырылуы, жанасқан аумақтардың санитарлық жағдайы, шағын базарлардың, автомобильге жанар-жағармай құю станциясы, автобус аялдамаларының, жарнама жазуларының жағдайы.

4. Өндірістік сектордың: мал фермалары, қырман, дәрілеу алаңдары, минералды тыңайтқыштар мен улы химикаттардың қоймалары (қасбеттері, қоршауы, көгалдандырылуы, жанасқан аумақтардың санитарлық жағдайы) жағдайы.

5. Жолдар мен тротуарлардың, жаяу жолдардың, елді мекендердегі су өткізілудің ұсталуы.

6. Коммуналдық меншіктегі бітпеген құрылыс объектілерінің бұзылудан сақталуы және қираған ғимараттарды бұзып алу.

7. Естелік жерлерді, ескерткіштер мен қоғамдық жерлеу орындарын жөндеу және ұстау.

8. Стадиондарды, сәулет ескерткіштерін жөндеу.

9. Сумен жабдықтау (су арын мұнарасының санитарлық-гигиеналық жағдайы, су тарату колонкаларының түзеулігі, олардың айналасының көтеріңкі болуы, құдықтардың санитарлық-техникалық жағдайы, олардың жаңа құрылысы).

10. Елді мекен тұрғындарының бұлақтарды, арналарды, өзен мен көлдердің

жағаларын, ормандарды, ағаш көшінділерді, ауыл маңындағы тоғайларды тазалауға қатысулары.

11. Тұрмыстық қатты қалдықтар төгетін жерлердің, қи қоймаларының жағдайы.

12. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің тамақтық өнеркәсіп нысаналарының, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының, сауданың көктемгі-жазғы кезеңіндегі жұмысқа дайындығына оң қорытындысы. Облыстық комиссия ауданды, аудандық орталық, ауылдық округтар және елді мекендер бойынша жинаған балл есебімен бағалайды.

Баллды үстеп санау әрбір бағыт бойынша орындалған жұмыстың көлемі мен сапасына байланысты жүзеге асырылады:

100 %	орындалған жұмыс көлемі үшін	5 балл
75 %-тен	99 %-ке дейін	4 балл
50 %-тен	74 %-ке дейін	3 балл
25 %-тен	49 %-ке дейін	2 балл
25 % - ке	дейін	1 балл

Жамбыл және Уәлиханов аудандары үшін қорытынды шығарғанда алған балға көгалдандыру, сумен жабдықтау объектілерінің дайындығы бағыттары бойынша 1,02 коэффициенті қолданылсын.

Жеңімпаз әрбір айдың қорытындысы бойынша айқындалады.

Облыс әкімдігінің 2005 жылғы 5 мамырдағы N 133 қаулысымен бекітілді

Облыстың елді мекендерін санитарлық тазарту және көркейту бойынша ұшайлықты өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспары

1. Елді мекендердің көшелерін, тұрғын үйлердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың жанындағы және орамындағы жерлерін, қыстан қалған қалдықтарын тазалау бойынша жұмысты ұйымдастырсын.

Петропавл қаласының, аудандардың, ауылдық округтардың әкімі.

Түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың және ұйымдардың басшылары.

2. Үй құрылыстарының қоғамдық, өндірістік үйлердің қасбеттерін, тұрғын үйлердің, кәсіпорындар және ұйымдардың қоршаулары мен аулаларын тәртіпке келтіру үшін қажетті шаралар қабылдасын.

Петропавл қаласының, аудандардың, ауылдық округтардың әкімі.

Түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың және ұйымдардың басшылары.

3. Сумен қамтамасыз ету және суды бөлу объектілерінің санитарлық -

гигиеналық жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізсін, оларды тиісті жағдайға жеткізсін (су құбыры мен канализациялардың тазарту ғимараттары, насостық станциялар, су қорының резервуарлары, су арын мұнаралары, жер астынан су алатын жерлер, құдықтар, су колонкалар).

Петропавл қаласының, аудандардың, ауылдық округтардың әкімі.

"Есіл су" Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны (келісім бойынша).

"Петропавл су" ашық акционерлік қоғам.

4. Коммуналдық меншікте тұрған, келешекте пайдалану үшін жарамсыз және бос үйлердің бұзылуын, одан кейін олардың бөлінген орынға шығарылуын қамтамасыз етсін. Коммуналдық меншікте тұрған, аяқталмаған құрылыс объектілерін аумақтардан шығару бойынша жұмысты жүргізсін.

Петропавл қаласының, аудандардың, ауылдық округтардың әкімі.

Кәсіпорындардың және ұйымдардың басшылары.

5. Тұрмыстық қатты қалдықтар төгетін жерлерді, қи қоймаларды, мал қабірлерін тиісті санитарлық жағдайға келтірсін. Жасырын жиналған қоқыс орындарын жойсын. Төгетін жерлерге бірінші және екінші сыныпты қауіпті қалдықтарды шығаруға жол бермесін.

Петропавл қаласының, аудандардың, ауылдық округтардың әкімі.

6. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау бойынша жұмысты ұйымдастырсін.

Петропавл қаласының, аудандардың, ауылдық округтардың әкімі.

7. Елді мекендерді көгалдандыру, ағаш алаңдарын, гүл алаңдарын, гүлзарларды бөлу, демалыс орындарын жайластыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырсын. Облыс аумағындағы қоғамдық пайдалану орындарындағы ескі жасыл егінділер учаскелерін ұлғайту бойынша іс-шараларды белсендірсін.

Петропавл қаласының, аудандардың, ауылдық округтардың әкімі.

8. Аудандардың қалалардың және ауылдық округтардың шекараларын, елді мекендерге кірер жолдарды ресімдесін және жанасып жатқан аумақтарды жайластырсын.

Петропавл қаласының, аудандардың, ауылдық округтардың әкімі.

Үш айлық бойы.

9. Мал фермаларын, шеберханаларды, қырманларды, дәрілеу алаңдарын, минералдық тыңайтқыштар мен улы химикаттар қоймаларын, қоғамдық көлікті, автобус аялдамаларын, автотұрақтарды, автомобильге құю станциясы, техникалық қызмет көрсету станциясы, шина құрастыру шеберханаларын, шағын базарларды, тамақ өнеркәсіп кәсіпорындарын, сауда, қоғамдық тамақтану орындарын тиісті санитарлық жағдайға келтіру жөніндегі жұмысты жүргізсін.

Петропавл қаласының, аудандардың, ауылдық округтардың әкімі.

Кәсіпорындардың және ұйымдардың басшылары.

Облыс әкімдігінің 2005 жылғы
5 мамырдағы N 133 қаулысымен

бекітілді

**Облыстың елді мекендерін санитарлық тазарту
және көркейту жөніндегі ұшайлықтың қорытындысын
шығару жөніндегі облыстық комиссияның құрамы**

Р а з в и н Сергей Владимирович	- облыс әкімінің орынбасары комиссияның төрағасы
Н а з м у т д и н о в Мәлік Ягофарұлы	- Солтүстік Қазақстан облысы сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаментінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары
	Комиссия мүшелері:
Д м и т р и е н к о Петр Гаврилович	- Солтүстік Қазақстан облысы табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаментінің бастығы
С ы з д ы қ о в Қайыргелді Садықұлы	- Солтүстік Қазақстан облысы жолаушылар көлегі және автомобиль жолдары департаментінің бастығы
Ч ж е н Александр Моисеевич	- Солтүстік Қазақстан облысы сәулеттік-құрылыс бақылау басқармасының бастығы
И с е н е е в Қайырғали Қапезұлы	- Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалау департаментінің бастығы
К е н ж е ғ о з и н Біржан Балқожаұлы	- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қоршаған ортаны қорғау облыстық аумақтық басқармасының бастығы (келісім бойынша)
М ұ с а б а е в Марат Шамшәріпұлы	- Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы төтенше жағдайлар жөніндегі департаментінің бастығы (келісім бойынша)
Ж а н к и н Асқар Советұлы	- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік инфрақұрылымды дамыту комитеті Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасының бастығы (келісім бойынша)
Г л о в а Павел Ильич	- Петропавл қаласы әкімінің орынбасары
П е р е п е ч и н а Ольга Валентиновна	- Солтүстік Қазақстан облысы қаржы департаментінің бастығы

<p>Әбілқайыров Армия Әбілқайырұлы</p>	<p>- Солтүстік Қазақстан облысы - Солтүстік Қазақстан облысы - Солтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылық департаментінің бастығы</p>
<p>Иванищев Александр Васильевич</p>	<p>- Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментінің бастығы</p>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК